


Бекітемін
Мектеп директоры

К. Амралина



**2024 -2025 оқу жылының «Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ бойынша
Бракераждық комиссия жұмысының
А Қ П А Р Ы**

Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық) КММ бойынша 2024 -2025 жаңа оқу жылына жалпы оқушылардың саны анықталды.

Жаңа оқу жылына оқушылардың бір реттік ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыр, жеткізілетін өнімдердің сапасын бақылау, тағамды дайындау және тарату кезінде санитарлық – гигиеналық талаптарды сақтау мақсатында бракераждық комиссия құрылып, директордың бұйрығымен бекітілді. Мектеп бойынша 7 адамнан тұратын бракераждық комиссия тағайындалды. Комиссия жұмысының қорытындылары айына 2 рет ыстық тамақтың ұйымдастырылуын және берілуін қадағалайды. Мектеп әкімшілігі тарапынан және мұғалімдерден кезекшілік құрылып, бекітілген. Кезекшілік журналы жасалып нөмірленіп шнурланған. Мектеп асханасынан тамақтанатын оқушы санына сәйкес үстел, орындықтармен толық жабдықталған. . I – ауысымда 80 оқушы тамақтануға жағдай жасалған. Биылғы жылы асхана ішіне жөндеу жұмыстары жасалды. Асханада және ас блогында бейне бақылау бар. Асхана ауыз сумен қамтылған. Асхананың ас блогында оқушыларға жеткілікті ыдыстар бар. Ыдыстардың шеті ұшпаған таза, сынығы жоқ. Бракеражды журналы, денсаулық журналы және тоңазытқыштың температуралық режимін бақылау журналы тез бұзылатын тамақ өнімдері мен жартылай фабрикаттардың бракераж журналдары уақытылы тексеріліп, толтырылып отырады. Оқушылардың апталық ас мәзірі жасалып, бекітіледі. Қол жууға арналған раковина бар, жууға дезинфекциялауға өңдеуге арналған құралдары, антисептикалық құралдары, қолды қайта ластауды болдырмайтын қолды сүртуге және кептіруге арналған құрал бар. Мектеп асханасы жаңа оқу жылына дайын.

Әлеуметтік педагог  Г. Азимбаева